



ӨЖ 338.43: 631.115; 631.15

ЖҰРТШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ РОЛІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОҒТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

РОЛЬ ХОЗЯЙСТВ НАСЕЛЕНИЯ И ОСОБЕННОСТИ ИХ РАЗВИТИЯ В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

THE ROLE OF HOUSEHOLDS OF POPULATION AND SPECIFICS OF THEIR DEVELOPMENT IN SOUTH KAZAKHSTAN REGION

Б.С.МЫРЗАЛИЕВ

экономика ғылымдарының докторы, профессор

Г.Ғ.ШИНЕТ

PhD докторант

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Аңдатпа. Авторлар, агроөнеркәсіптік кешендегі жеке қосалқы шаруашылықтардың, ауылшаруашылық өнімдері өндірісіндегі икемді, тұрақты ұйымдық-құқықтық формаларының бірі екендігін атап көрсетеді. Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында, бір жағынан ЖҚШ санының өсуі мен ауылшаруашылық өнімдері жалпы өндірісі, екінші жағынан ауыл халқының көбеюі арасындағы байланыс көрсетілген. Жұртшылық шаруашылықтары статистикалық көрсеткіштерінің ауыл шаруашылығының әлеуметтік саласына әсері сипатталған.

Аннотация. Авторы отмечают, что в агропромышленном комплексе личные подсобные хозяйства – одна из гибких, стабильных организационно-правовых форм в производстве сельскохозяйственной продукции. На примере Южно-Казакхстанской области показана связь между ростом количества ЛПХ и валового производства сельхозпродукции, с одной стороны, и увеличением численности сельского населения. Отмечено влияние статистических показателей хозяйств населения на социальную сферу сельского хозяйства.

Abstract. The authors note that household-is one of flexible organizational-legal forms of agricultural production in agri-industrial sector. Based on the example of South-Kazakhstan region the relationship between the increasing number of households and gross agricultural production, on the one hand, and increase of rural population has been presented. The influence of statistical indicators of households on social sphere of agriculture has been noted.

Тұтқалы сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, жеке қосалқы шаруашылықтар, ұйымдық-құқықтық формалар, ауыл халқы, ауылшаруашылық құрылымдары, егістік аудан, өндірістік және әлеуметтік салалар.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, личные подсобные хозяйства, организационно-правовые формы, сельское население, сельскохозяйственные формирования, посеваемая площадь, производственная и социальная сферы.

Keywords: agri-industrial complex, households, organizational and legal form, rural population, agribusinesses, sown area, production and social spheres.

Еліміздің агроөнеркәсіптік кешеніндегі қалыптасқан экономикалық жағдай ауылшаруашылық өнім өндірісін ұлғайтуға бағытталған түбегейлі шаралар қабылдауды қажет етеді. Осыған байланысты ауылшаруашылық өнім өндірісінің өсімін тудырушы сыртқы

факторлармен қатар, барлық ішкі резервтердің тиімді қолданысын зерттеу және іске бағыттау қажеттігі туындайды. Бұл бағытта халықтың азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету бойынша үлкен резервін құраушы жеке



Экономический механизм хозяйствования

Жолдаудағы алға тартылған бірқатар мақсаттары келесідей:

- егістік алаңын ұлғайту;
- егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру;
- әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру;
- ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құру.

Сондай-ақ, аграрлық қатынастарды реформалау үдерісінде ауыл шаруашылығының тең құқылы нысаны ретіндегі жұртшылық шаруашылығы дамуының экономикалық, заңды алғышарттары құрылуда. Жеке қосалқы шаруашылықтар дербес шаруа қожалықтарына трансформациялануда.

Аграрлық өндіріс дамуындағы жеке қосалқы шаруашылықтың рөлін анықтау үшін жекелеген бір облыстағы (Оңтүстік Қазақстан

облысы) жеке қосалқы шаруашылық дамуының статистикасын қарастырайық. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ауыл халқының орташа жылдық саны 2013 жылы 1 647,0 мың адамды құрады. Яғни, бұл облыс халқының 60%-ын құрайды. Бұл ауыл халқы облыс бойынша 2014 жылдың 1-қаңтарындағы мәлімет бойынша, 838 ауылдарда өмір сүруде. Ал төмендегі кестеден 2009-2013 жылдар аралығындағы Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің санын және ондағы жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылықтарының да сандық көрсеткіштері берілген.

2014 жылдың 1 қаңтарындағы шаруашылық санаттары облыс және аудандар бойынша ұсынылған (кесте-2).

1-кесте. Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің саны

бірлік

Субъектілердің атауы	Жылдар			
	2010	2011	2012	2013
Ауылшаруашылық құрылымының саны	70 717	81 034	74 050	81 409
оның ішінде:				
ауылшаруашылық кәсіпорындары	2 679	4 800	4 488	4 685
Шаруа немесе фермер қожалықтары	68 038	76 234	69 562	76 724
Жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылықтары	253 919	257 486	260 579	267 613
Саяжай кооперативтері	78	75	74	72
Мәліметтер көзі [2]				

2-кесте. 2014 жылдың 1 қаңтарындағы шаруашылық санаттары бойынша ауылшаруашылық құрылымдарының саны

бірлік

	Ауылшаруа-шылық құрылымдары, шаруа немесе фермер қожалықтарын қосқанда барлығы	Соның ішінде		Жұртшылық шаруашылықтары	Саяжай кооперативтері
		Ауыл шаруашылық кәсіпорындары	Шаруа немесе фермер қожалықтары		
Облыс бойынша	81 409	4 685	76 724	267 613	72
Шымкент қ.	738	487	251	-	61
Арыс қ.	1 398	368	1 030	4 637	-
Кентау қ.ә.	242	28	214	4 826	2
Түркістан қ.ә.	5 769	129	5 640	14 303	1
Бәйдібек ауданы	2 345	293	2 052	8 714	-
Қазығұрт	3 737	248	3 489	17 155	1
Мақтаарал	22 931	638	22 293	42 461	-
Ордабасы	6 277	525	5 752	18 582	-
Отырар	2 774	473	2 301	8 164	-
Сайрам	8 477	310	8 167	55 450	1
Сарыағаш	12 815	403	12 412	40 736	-
Созақ	764	58	706	7 976	-
Телеби	3 795	237	3 558	18 381	2
Түлкібас	2 543	219	2 324	19 243	1
Шардара	6 804	269	6 535	6 985	3
Мәліметтер көзі [2]					

Экономический механизм хозяйствования

Ұсынылған сандық мәліметтерден облыс бойынша, жұртшылық шаруашылығының санынан ең алғашқы орындарды Сайрам, Мақтаарал, Сарыағаш аудандары алып отырғандығы белгілі болып отыр. Сәйкесінше, дәл осы аудандарда халық саны да көш бастауда.

Облыстағы соңғы жылдарғы ауылшаруашылық өнімінің негізгі өндірушісі жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы екендігі белгілі болып отыр. Ауылшаруашылық өнімдерінің жалпы көлеміндегі жұртшылық шаруашылығы өндірген өнімнің үлес салмағы барлық көрсеткіштер бойынша қалыпты және кейбіреулері бойынша арта


түскен. Үлес салмағының артуы қоғамдық саладағы шаруашылықтарда осы аталған өнімдерді өндірудің жоғары қарқынмен төмендеуі себебінен болып отыр. 2013 жылғы мәлімет бойынша, ауылдық аумақтағы жұртшылық шаруашылығының біреуі орта есеппен 616 кг - мал мен құс етін (тірідей салмақта), 243кг - сүт, 547 дана - жұмыртқа, 338кг картоп, 968 кг - көкөніс, 94 кг - бақша дақылдарын өндірілгені белгілі (3-кесте).

Әрине, жалпы өнім жұртшылық шаруашылықтарындағы мал санының барлық шаруашылықтар құрамындағы үлес салмағына тікелей байланысты (сурет).

3-кесте. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жұртшылық шаруашылығында өндірілген ауылшаруашылық өнімдері және олардың жалпы үлес салмағы

Көрсеткіштер	Жылдар							
	2010		2011		2012		2013	
	т	үлес салмағы, %.	т	үлес салмағы, %.	т	үлес салмағы, %.	т	үлес салмағы, %.
Ет, тірідей салмақпен	150161	95,1	156094	92,8	150161	95,1	156094	92,8
Сүттің барлық түрі	608125	97,2	632303	97,1	608125	97,2	632303	97,1
Жұмыртқа, млн. дана	147100	54,2	150651	56,5	147100	54,2	150651	56,5
Жүн, нақты салмақта	5993	82,9	6080	82,5	5993	82,9	6080	82,5
Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар	13629	3,6	15839	4,4	13629	3,6	15839	4,4
Картоп	77651	41,2	77380	36,5	77651	41,2	77380	36,5
Көкөніс	230660	36,4	220463	30,6	230660	36,4	220463	30,6
Бақша дақылдары	23612	3,6	17470	2,3	23612	3,6	17470	2,3
Жеміс және жидек	36979	63,05	33044	59,12	36979	63,05	33044	59,12

[2] - мәліметтер көзі негізінде жасалған



Сурет. Жұртшылық шаруашылығындағы мал санының барлық шаруашылық жүргізуші санаттардағы үлес салмағы

Экономический механизм хозяйствования

2014 жылдың 1-қаңтарына (2013 ж. соңына) облыста шаруашылық жүргізуші барлық санаттардағы мал санындағы жұртшылық шаруашылығының үлесі: ірі қара малдың 93,6%-ын, сиырдың 94,1%-ын, қой мен ешкінің 83,2%-ын, жылқының 85,6 %-ын, түйенің 61,6%-ын, құстың 54,9%-ын құраған. Төменде толық мәліметтер келтірілген (4-кесте).

Келесі кестеде жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін азық-түлікке тұтынылатын өсімдіктердің шаруашылықтарына өз үлесіне сәйкес жерлер, яғни егіс алқаптары бөлінген. Өсімдік шаруашылығының ішіндегі негізгілеріне қысқаша 2009-2013 жылдардағы көрсеткіштері негізінде тоқталдық. Онда ұсынылған дақылдар ішінде, әсіресе, картоп шаруашылығының егістік алқабы жыл санап артып отырғаны белгілі болды (5-кесте).

4-кесте. Мал шаруашылығындағы жұртшылық шаруашылығының негізгі көрсеткіштері және олардың шаруашылық жүргізуші барлық санаттардағы үлес салмағы

Малдардың атауы	Жылдар							
	2010		2011		2012		2013	
	саны	үл.салм.	саны	үл.салм.	саны	үл.салм.	саны	үл.салм.
Ірі қара мал	798,2	95,7	798,2	95,2	809,4	94,4	785,3	93,6
Сиыр	323,1	96,1	329,68	95,7	339,4	94,9	3358	94,1
Қой мен ешкі	3124,3	83,1	3190,8	82,9	3166,4	83,4	3044,9	83,2
Жылқы	149,2	87,2	159,9	87,4	170,7	86,5	171,1	85,6
Түйе	11,3	61,6	11,9	62,5	12,2	61,2	12,3	61,6
Құс	1561,7	65,5	1583,8	63,8	1462,3	60,1	1362,4	54,9

[2] мәліметтер көзі негізінде есептелген

5-кесте. Жеке қосалқы шаруашылықтардағы егіс алқабы

Көрсеткіштер	Жылдар				
	2009	2010	2011	2012	2013
Барлық егістік алқабы	36436	37689	37268	3554	35001
Дәнді дақылдар	3637	4347	4954	3964	4135
Картоп	4933	5242	5150	5124	5629
Көкөніс	11007	11386	10316	10458	11435
Бақша дақылдары	1308	1600	1135	1424	1478
Жемдік дақылдар	14531	13335	14006	13878	11063

Мәліметтер көзі - [2]

Жұртшылық шаруашылығын зерттеу барысында оның статистикалық көрсеткіштеріндегі өзгерістерді талдаумен қатар, әлеуметтік салаға бұл өзгерістердің де әсер ететіні сөзсіз екендігіне де тоқталған жөн. Бірқатар мәліметтерді келтіре отырып, әлеуметтік талдаулар жүргізейік.

1992-жылдан 2002-жылға дейінгі аралықтағы он жылда ауыл отбасылары өздерінің шаруашылықтарын кеңейте алды, өндірісін ұлғайтты. Сол арқылы олар негізгі жұмысындағы «ақшасыздықтың» ауыртпалығын жеңілдетті және өмір сүру деңгейінің жедел төмендеуін тежей түсті. Алайда отбасылық шаруашылықты күшейтудің мұндай стратегиясын барлығы жүзеге асыра алмады. Дәл осы жеке қосалқы шаруашылық бойынша ауыл халқының жіктелуі көрініс тапты. Өздерінің жеке шаруашылықтарының жүктемесін ұлғайта алмағандар және арттыруды

қаламағандар «аутсайдерлер» қатарынан табылды.

Соңғы жылдарда өз шаруашылығында да, кәсіпорында да жұмыс істемейтін адамдардан құралған люмпенді* топ белгілі болды. Олар кездейсоқ табыспен күн көреді, мемлекет тарапынан берілетін жәрдемге сенеді. Оларға орта және ірі жеке қосалқы шаруашылық иелері тарапынан уақытша жұмысшылар ретінде сұраныс бар. Аталған шаруашылықтар иелері жедел және салыстырмалы түрде аз шығынды егін жинауға, жем-шөп, отын дайындауға қызығады. Мұндай жағдай республиканың барлық аймақтарында байқалуда, яғни жеке қосалқы шаруашылықтардың иелері өздерінің ауылдастары қатарынан жұмысшыларды жерді өңдеу және егін жинаумен байланысты бір ретті жұмыстарға жалдайды. Бірқатар жағдайларда иелік етушілер мен уақытша

жұмысшылар арасындағы қатынастар жалшылық сипатқа ие болды.

Қазіргі кезде ауыл халқы өткізу кооперативтерінің дамуына көп қызығушылық танытуда. Олардың мақсаты ет, сүт және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін жинап, өңдеуші зауыттар мен нарықтарға жеткізу болар еді. Бұл кооператив мүшелеріне тұрақты табыс көзіне ие болуға мүмкіншілік берер еді. Бұл жағдайда шаруаларға кездейсоқ алыпсатарларға өнімдерін сатудан гөрі көбірек ақша түсер еді.

Біздің ойымызша, осы кооперативтер арқылы заң алаңынан тыстағы (көлеңкедегі) жеке қосалқы шаруашылықтарды анықтауға мүмкіндік берер еді. Сол арқылы ауыл халқының жеке шаруашылығындағы еңбек-пен қамтылуы жарияланады.

Ауылдағы жұмыссыз қалғандар ешқандай мемлекет қолдауынсыз және ешқандай жұмыс берушілердің қатысуынсыз автономды түрде өмір сүруге күш салуарқылы өздерінің бейімделу үлгісін қалыптастырды. Ауыл халқының жұмыспен қамтылуы жайлы сөз еткенде, екі қарама-қарсы үрдіске тоқталған жөн. Бір жағынан, ауылшаруашылық өнім өндірісінің өсімі және мал шаруашылығының жандануы байқалып, ол ауыл халқына сұраныстың артуына және мәжбүрлі жұмыссыздардың бір бөлігін өндіріске қайтаруға септігін тигізді. Екінші жағынан, ауылшаруашылық кәсіпорының меңгерушісі бұрын қолданбаған қызметкер құрамына басқару әдістерін қолданып, еңбек қатынастарын реттеуді бастады.

Бұған оларды ауылдық аймақтарға қалалық инвесторлардың келіп, кәсіпорындардың акцияларын сатып алып, өндіріс дамуына ақша салуы итермелейді. Ал жаңа меншік иелері бірінші кезекте, тиімділік сауалымен бас қатырады, сол себепті бизнестің табысты емес түрлерін жауып, жұмысшыларын жұмыстан босатуға бекінеді. Сол арқылы жұмыссыздық атты теріс құбылыс белсене түспек.

Қалалық капиталдың ауылға қозғалуының салдары оңды да, теріс те сипатқа ие. Ауыл халқы белгілі бір тәуекелдерді бастан кешіруде. Бұл тек қана қалыпты жұмыс орнының сақталуына ғана емес, сондай-ақ ірі ауыл шаруашылық өндірісінің ауыл территориясында сақталуына да қатер төндіреді. Нәтижесінде қалалық инвесторлардың ауылшаруашылық кәсіпорындарының инфрақұрылымының өндірістік базасын иемденеді. Тіпті, өтімді активтерді жаппай сатумен аяқталады. Одан соң жаңа меншік иелері ауылды жерде тез арада қаржылық нәтижелерге қол жеткізгілері келген талпыныстарының нақтылығын сезінеді. Нәтижесінде ауыл

халқы бәрінен айырылады – жұмыссыз болады және ірі тауарлы қосалқы шаруашылық жүргізуге жағдай болмайды [3].

Осылайша, жеке қосалқы шаруашылықтардың өсуі мемлекеттің жүргізген аграрлық саясатынан ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты болады, теріс үрдістер, оның ішінде: жұмыссыздық себебінен жеке қосалқы шаруашылықтарды өздерін жұмыспен қамту және жанұя табысының қосымша көзі ретінде қолдануға алып келеді. Біздің ойымызша, мемлекеттік аграрлық саясаттың мақсаттарының бірі кооперативтер құруды көтермелеу, құқықтық қамтумен қамтамасыз ету, қажетті қара-жаттарды бөлу және ұқсас бастамаларға қол-дауда басымдықтарды орналастыру қажет.

Сондай-ақ, біздің ойымызша, агроөнеркәсіптік өндіріске қатысты қатаң қаржылық саясатты қайта қарау қажет. Аграрлық нарықты мемлекеттік реттеуде, әсіресе бағалық саясат маңызды рөлді ойнайды.

Қазіргі жағдайда ауыл халқының өз шаруашылығын қосалқы шаруашылық ретінде жүргізуге немесе ұжымдық шаруашылықтың көмегіне сүйене отырып, агро-өнеркәсіптік кешеннің басқа да экономикалық субъектілерімен өз шаруашылықтарын кооперациялауға өз таңдауы бар. Бұдан да басқа шаруашылықты жүргізудің нұсқалары бар, мәселен, жеке қосалқы шаруашылықтарды дербес шаруа қожалықтарына қайта құрылымдау. Бұған негіз ретінде ірі тауарлық типтегі жеке қосалқы шаруашылықтар жарай алады, сондай-ақ ұжымдық шаруашылықтардың көмек көрсетулері де бола алады. Жеке қосалқы шаруашылықтарды жүргізуде жәрдем беруге жеңіл-детілген бағамен немесе тегін түрде жас малдар, ұрықтар, ауыл шаруашылық техникалар, транспорт құралдары жатады.

Біздің пікірімізше, жеке қосалқы шаруашылықтар бұдан кейінгі уақытта да дами түспек, әрекет етуші салық салу тәртібіне сай, жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығына салық салынбайды.

Жұртшылық шаруашылығының агро-өнеркәсіптік өндіріс жүйесінде маңызды рөлге ие екендігі белгілі болды. Сол себепті жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетті мүмкіндіктерін қолдау шараларының қажеттігі туындайды. Мәселен, жеке қосалқы шаруашылық туралы заң қабылдау, өнімді өткізу бойынша кооперация мәселесін шешу, сондай-ақ материалды-техникалық қызмет көрсету мәселелерін де шешу қажет. Жұртшылық шаруашылығына қатысты заң, жұртшылық шаруашылығының ұйымдық-құқықтық мәртебесін анықтауы тиіс, яғни 1998 жылы

қабылданып, қызмет етіп келе жатқан Заң негізінде әрекет етуші шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар арасындағы айырмашылықты нақты бермегендіктен, бұл шаруашылық жүргізуші екі түрдің арасында шатастыру көп болуда. Сол себепті жаңа Заң осылардың ерекшеліктерін анықтауы қажет [4].

Сондай-ақ, жұртшылық шаруашылығының дамуын агросала дамуының маңызды факторы деп санайтын, ҚР ҰҒА-ның академигі В.В.Григорук жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы туралы арнайы заң қабылдау қажет деп ұсынады. Ол заңда ғалым жер үлесінің мөлшерлемесін айтарлықтай өсіруді қарастырған және сол арқылы жұртшылық шаруашылығын шаруашылық жүргізудің кәсіпкерлік емес түрінен кәсіпкерлік түріне қайта құруды үдетете түсетін үдерісосу деп түсіндіреді [5].

Облысымыздағы жұртшылық шаруашылығының жағдайы ауылдық қауымдастықтың тұрақты дамуына, ауылдағы өмір сүріп жатқан халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, ауылдық аймақтардағы экологиялық жағдайларға әсер ететін және негізгі септігін тигізетін факторлар екені анық. Сондықтан шаруашылық жүргізуші бұл санаттың оңды нәтижелермен әрекет етуі үшін маңызды болып келетін барлық шарттармен кеңінен танысып, жетілдірілген үлгідегі реттегіш тұтқаларды шетелдік тәжірибелер үлгісін саралай отырып, енгізу бастамаларын жасау қажет.

*Люмпен – меншік атаулыдан жұрдай, қоғамдық өндіріске қатыспайтын, кездейсоқ табыспен күн көретін адам [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Валигурский Д.И. Предпринимательство на селе. - М.: Маркетинг, 1997.- 56б.

2 2009-2013 жылдардағы Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл, орман және балық шаруашылығы. Статистикалық жинақ, Шымкент, 2014

3 Нурбекова Ж. Социологический анализ личных подсобных хозяйств сельского населения как неформального вида предпринимательской деятельности //Евразийское сообщество.- 2004.-3 (47).- 105 б.

4 Мырзалиев Б.С., Шинет Г.Ф. Халық шаруашылықтарының жұмыс жасау тиімділігін арттыру – Қазақстанды азық-түлікпен қамтамасыз ету факторы // Проблемы агрорынка.- 2016.-№1.-С. 23

5 Григорук В.В., Умбиталиев Н.А. Личное подсобное хозяйство на современном этапе развития Казахстана // Проблемы агрорынка. – 2006.- №1.-С.34

6 Тоқсанбай С.Р. Экономика, қаржы-несие, банк, салық-кеден, сақтандыру, биржа және кәсіпкерлік атауларының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: «Сөздік-словарь», 1999.- 310 б.

Pajdalanylran әdebiетter tizimi

1 Valigurskij D.I. Predprinimatel'stvo na sele. - M.: Marketing, 1997.- 56b.

2 2009-2013 zhyldardary Oñtystik Qazaqstan oblysynuñ ауыл, орман және балық шаруашылығы. Statistikalық zhinaқ, Shymkent, 2014

3 Nurbekova Zh. Sociologicheskij analiz lichnyh podsobnyh hozjajstv sel'skogo naselenija kak neformal'nogo vida predprinimatel'skoj dejatel'nosti // Evrazijskoe soobshhestvo.- 2004.-3 (47).- 105 b.

4 Myrzaliev B.S., Shinet G.F. Halyқ шаруашылықтарының жұмыс жасау тиімділігін арттыру- Қазақстанды азық-түлікпен қамтамасыз ету факторы // Problemy agrorynka.-2016.-№1.-S. 23

5 Grigoruk V.V., Umbitaliev N.A. Lichnoe podsobnoe hozjajstvo na sovremennom jetape razvitija Kazahstana // Problemy agrorynka. – 2006.- №1.-S.34

6 Тоқсанбай S.R. Jekonomika, қаржы-несие, банк, салық-кеден, сақтандыру, birzha және кәсіпкерлік атауларының орысша-қазақша sezdigi. – Алматы: «Sezdik-slovar'», 1999.- 310 b.